

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомасына Жеткізушінің тендерлік өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттеме алады.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Қызмет көрсетілген бірінші ай үшін ақы төлеуді қоспағанда, Тараптардың уәкілетті адамдары тиісті ай үшін Көрсетілген қызмет актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және Жеткізуші электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің порталында (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) электрондық шот-фактураны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушінің Шарттың __-бөлімінде көрсетілген банктік шотына ай сайын тең сомада ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

Қызмет көрсетілген бірінші ай үшін ақы төлеу Қызмет көрсету кезеңі басталған күннен бастап Қызмет көрсетілген нақты күндердің саны үшін жүзеге асырылады.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге;

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтар, қателер, оның ішінде жасырын қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, ішінара немесе толығымен ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға;
- 8) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушіден қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормалардың, өрт қауіпсіздігі қағидаларының және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауды сақтауды талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық

көлемде Қызмет көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету кезінде, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <мөлшері пайызбен> мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);

12) жалпы Жұмыс көлемінің үштен екісінен асатын көлемде Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге тапсырмауға;

13) Қызметті санитарлық, өртке қарсы және экологиялық талаптарға сәйкес көрсетуді қамтамасыз етуге;

14) Шарттың осы тармағының 12) тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде, оның ішінде олардың салдарын жоймаған кезде өз бетінше және өз есебінен толық көлемде жауапты болуға;

15) Қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушінің кінәсінен зиян келтіру не бұзушылықтарға жол беру себебінен Тапсырыс берушіге қойылатын үшінші тұлғалардың талап арыздары мен наразылықтарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;

16) Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген шығынды (залалды) өтеуге;

17) Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне және өз жұмыскерлерінің денсаулығына зиян келтіру, сондай-ақ Жеткізушінің және оның Қызмет көрсетуге тартылған жұмыскерлерінің іс-әрекеттері (әрекет етпеуі) салдарынан Қызмет көрсету кезеңінде туындайтын жұмыскерлердің қаза болуына байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болуға;

18) инженерлік-техникалық қауіпсіздік жүйелерінің (бұдан әрі – ИТҚЖ) тұрақты, үздіксіз және

сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай ақ олардың штаттық жұмысының бұзылуының алдын алу бойынша шаралар қабылдауға;

19) ИТҚЖ жұмысында ақаулар немесе іркілістер туындаған жағдайда жедел ден қоюға, сондай-ақ анықталған ақауларды жою үшін барлық қажетті әрекеттерді орындауға;

20) Қызметті Шарттың талаптарына, техникалық ерекше нұсқамаға, сондай-ақ ИТҚЖ-ны пайдалану бойынша талаптарға сәйкес көрсетуге;

21) ИТҚЖ құрамына кіретін жабдықтың, бағдарламалық қамтылымның және байланыс арналарының техникалық жай-күйіне автоматтандырылған бақылауды жүзеге асыруға және көзбен шолып қарауға;

22) ИТҚЖ-дан дабыл сигналдарын, ақауларды және өзге де хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және өңдеуге;

23) оқиғаның күнін, уақытын, сипатын және қабылданған іс-қимылдарды белгілей отырып, Тапсырыс берушінің өтінімдерін тіркеу журналын (электрондық және/немесе қағаз нысанда) жүргізуге;

24) Тапсырыс берушіні (немесе оның уәкілетті өкілдерін) оператордың жұмыс станциясына хабарлама түрінде келіп түсетін тіркелген іркілістер, ақаулар және алаңдатарлық оқиғалар туралы дереу хабарлауға;

25) Қызметті қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарды сақтай отырып көрсетуге;

26) Тапсырыс беруші жабдығының, материалдары мен мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелін көтеруге;

27) Тапсырыс берушіге Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік

10 (он) күн ішінде Техникалық қызмет көрсетудің жоспар-кестесін (бұдан әрі – ТҚК) ұсынуға;

28) Қызметті ТҚК жоспар-кестесінде көзделген мерзімде көрсетуге;

29) Объектіде 24/7 режимінде (демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәулік бойы) ИТҚЖ жұмысын қамтамасыз ететін мониторинг және жедел ден қою қызметін (бұдан әрі – МЖҚҚ) мынадай тәртіппен ұйымдастыруға міндеттенеді:

- 1 (бір) маман – тәулік бойы кезекшілік 24/7;

- 1 (бір) маман – жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

30) МЖҚҚ-ға ИТҚЖ-ның жай-күйіне үздіксіз мониторингті қамтамасыз ететін білікті қызметкерді қосуға;

31) Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін..

4.2. Қызметтер көрсету орны: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64..

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Жеткізуші техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа қосымша) сәйкес қызмет көрсетеді.
- 5.2. Жеткізуші есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Актіні қол қою үшін ұсынады.
- 5.3. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірлесіп көрсетілген Қызметтің сапасын, көлемінің толықтығын және уақтылығын, сондай-ақ олардың техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа қосымша) және Шарт талаптарына сәйкестігін тексереді. Көрсетілген қызметте ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қояды.
- 5.4. Егер қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушінің Қызметтегі ақауларды жоймауы не уақтылы жоймауы, не Шарт талаптарын өзге де бұзу фактілері орын алса, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.
- 5.5. Қызмет Тараптардың уәкілетті адамдары Актіге қол қойған күннен бастап тиісінше көрсетілген болып есептеледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, кешіктірілген әрбір <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдау)> күн үшін Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір <жұмыс/күнтізбелік (керегін таңдау)> күн үшін Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 3) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартылған жағдайда Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан

10 % (он пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт

бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жетпеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде). > < Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады> (алдын ала төлем болған жағдайда)

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) *(тартылған жағдайда)* жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық

актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан __ % (__ пайыз) мөлшерде:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;
- 2) банк кепілдігін немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігін;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақшаны енгізеді.

1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;

3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт заң күші бірдей 4 данада: 2 (екеуі) қазақ тілінде және 2 (екеуі) орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее – Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство по оказанию Услуг в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

2. ОБЩАЯ СУММА ДОГОВОРА И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ

